

№17 (8221)
30 сәуір,
2026 жыл

* Мемлекеттік қызмет

ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Жылдың алғашқы тоқсанында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Департамент тарапынан атқарылған шаралар нәтижесінде бұл салдағы бақылау күшейтіліп, азаматтардың құқықтарын қорғауға басымдық берілді.

Осы уақыт аралығында барлығы 1942955 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның басым бөлігі, яғни 1 702 065 қызмет жергілікті атқарушы органдар арқылы ұсынылса, 240 890 қызмет орталық мемлекеттік органдардың үлесіне тиесілі.

Бақылау шаралары да назардан тыс қалған жоқ. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде 1 847 заң бұзушылық анықталды. Оның ішінде 1 178 дерек тексеріс барысында тіркелсе, 669 кемшілік қашықтықтан бақылау арқылы белгілі болды. Бұл көрсеткіштер қызмет көрсету үдерісінде әлі де жүйелі мәселелер бар екенін көрсетеді. Талдау нәтижесі ең көп кездесетін

заң бұзушылықтардың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін сақтамауға қатысты 1 141 жағдай анықталды. Сонымен қатар қызмет көрсету мерзімін бұзудың 31 дерегі және негізсіз бас тартудың 6 фактісі тіркелді. Анықталған кемшіліктер бойынша тиісті шаралар қабылданып, заң талаптарын сақтамаған 4 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Департамент жүргізген 2 жоспарлы тексеріс нәтижесінде 123 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Сондай-ақ азаматтардан түскен 59 өтініш қаралып, олардың негізінде

2 азаматтың құқығы қорғалды. Ведомстваралық өзара іс-қимылды күшейту мақсатында жұмыс тобының отырысы өткізіліп, 16 ұсыныс енгізілді. Ал «Елге қызмет» бағдарламасы аясында 12 ақпараттық шығарылым ұйымдастырылып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек қоғамдық бақылау жұмыстары да назардан тыс қалмады. Атырау облысы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, ашықтықты қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табады.

Какима НҰРМАҒАМБЕТОВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің бас маманы

* Жазғы демалыс

САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРЬЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жазғы сауықтыру лагерлері – бала денсаулығын сауықтырып ғана қоймай, сонымен қатар, баланың тәжірибесін кеңейтетін, жаңа ақпараттарды қабылдайтын, жаңа білім мен біліктілікті дағдыға айналдыратын, жаңа адамдармен тез тіл табыстыратын, өзінің қызығушылықтарын қанағаттандыратын орын.

Балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерлеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 10 тамыздағы №ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында реттеледі. Осы санитариялық қағидаға қысқаша тоқталатын болсақ. Санитариялық ережелерде көрсетілгендей, лагерь аумағы қоршалған болуы керек. Сонымен қатар объектілерде тұрмыстық ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, канализация, жарықтандыру, желдету және басқа да жүйелермен жақсы жағдайда қамтамасыз етілуі тиіс. Барлық үй-жайлар таза болуы міндетті, жуғыш және дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, күнделікті тазалау жүргізілуі керек. Дератизация және дезинсекция

шаралары жүргізіліп, жәндіктердің, кенелердің, кеміргіштердің болуына жол берілмеуі керек. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары болған жағдайда жүзеге асырылады. Сүзбе, айран, кілегей қосылған кондитерлік өнімдер, қуырылған өнімдер, қаймақ пен майонез қосылған салаттар, тәтті сусындар, фасфудтарды өндіруге және сатуға рұқсат етілмейді. Нысанның жауапты тұлғалары тамақтандыру пунктіне қабылданған өнімнің сапасын, өнімді сақтау жағдайларын және мерзімдерінің сақталуын, тәуліктік үлгіні таңдау мен сақтаудың дұрыстығын, тағам дайындау технологиясының сақталуын, жеке қызметкерлер мен асхана кезекшілерінің гигиеналық ережелерді сақтауын тексереді. Дайын тағамды тарату - медициналық қызметкердің дайын тағамдар сапасына органолептикалық бағалау

жүргізуінен кейін жүзеге асырылуы тиіс. Күн сайын ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасы алынғы керек. Сонымен қатар үй-жайлардың, аумақтардың, суға түсу және спортпен айналысу орындарының дайындығын, балалардың денсаулығын динамикалық бақылауды, шынықтыру, сауықтыру, қызметкерлердің профилактикалық медициналық тексеруден уақытылы өтуін қадағалап отыруы тиіс. Барлық қызметкерлердің жұмысқа қабылданғаны туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары болу міндетті.

Балалардың денсаулығы дұрыс теңдестірілген тамақтанумен, дұрыс ұйқы, дене шынықтыру және дұрыс ұйымдастырылған күнделікті күн тәртібіне тікелей байланысты. Тәрбиешілер мен қызметкерлер балаларды үнемі қадағалап, төтенше жағдайда әрекет ете білуі дұрыс. Біз балаларымыздың қарапайым өмірлік дағдыларын, соның ішінде жеке бас гигиенасын сақтауды, балаларымызға қауіпсіз және пайдалы демалысты қамтамасыз етуіміз қажет.

Дина ІЗТҮРҒАНОВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының маманы

Жайсаң едін, асыл едін, жан өке,
Парасатты, терең ойлы кемелді.
Аянбастан қызмет қылдың ел үшін,
Алға тартып Бешім атаң өрісін...

Шаңырағымызға түскен ауыр қайғымызға ортақтасып, бас сүйеп, демеу болған ағайын-туыс, құда-жекжат, нағашы-жиен, дос-жаран, көрші-көлем, ұжымдастар мен әкеміздің көзін көрген барша жамағатқа ризашылығымызды білдіре отырып, Мұнай-газ кешенінің ардагері, республикалық қоғамдық бірлестігінің ардагер мұнайшысы, Қазақстан мұнай-газ саласының еңбегі сіңген қызметкері, Жылыой, Мақат аудандарының Құрметті азаматы, немере-шөбере, жиендерінің сүйікті атасы

БЕШІМОВ НАУРЫЗҒАЛИ
ЕРДАУЛЕТҰЛЫНЫҢ

100 күндік қалдесі 9 мамыр күні сағат 10.00-де өтетінін хабарлаймыз.



Өтетін орны:
Құлсары қаласы, «Жымбатжан» мейрамханасы
Хабарлаушы: балалары, Бешімовтер әулеті

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 30 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған аз. Нуртұлұев Асылбектің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 30 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған аз. Нуртұлұев Рысқалидың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 12 ақпан 2026 жылы қайтыс болған аз. Рыскулов Зинулланың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 13 қараша 2025 жылы қайтыс болған аз. Мамбетияз Аманжол Қонысбайұлының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі, 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

ҚҰРМЕТТІ ҚҰЛСАРЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2026 жылдың 15 мамыр күні сағат 15:00-де Құлсары қаласы «Жа-стар үйі» ғимаратында Құлсары қаласының әкімі Қ.Адиновтың қала тұрғындарымен кездесуі және жеке қабылдауы өтеді.

Кездесу Facebook (Құлсары қаласы әкімі аппараты) және Instagram (qalasy_akindigi) парақшаларында тікелей эфирде көрсетіледі.

АККИЗТОҒАЙ, ТҮРҒЫЗБА, ШОҚПАРТОҒАЙ, ҚАРАҒАЙ, ҚОСШАҒЫЛ ЖӘНЕ МАЙКӨМГЕН АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи моно-полияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша Департаментінің 2026 жылдың 22 сәуіріндегі №18-НҚ бұйрығымен «Жылыойсу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 01.05.2026 – 30.04.2027 жылдарға арналған Жылыой ауданы Аккизтоғай, Тұрғызба, Шоқпартоғай, Қарағай, Қосшағыл және Майкөмген елді мекендеріне таратқышы желілер арқылы суды беру реттеліп көрсетілген қызметіне орташа босату тарифі 1м3 үшін 642,88 теңге (ҚҚС-ны есепке алмағанда) болып бекітілді.

«Жылыойсу» ЖШС

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Жылыойгаз» ЖШС бекітілген 2026 жылғы жоспарға сәйкес газ құбырлары мен газ қондырғыларына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты аптаның кез келген күні, яғни дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-11:00 және 14:00-18:00 аралығында газ беру тоқтатылуы мүмкін екендігін хабарлаймыз.

Ескертпе: Апаттық жағдай орын кезде тәуліктің кез келген уақытында газ тоқтатылатындығын қаперлеріңізге бере отырып, тәулі бойы жұмыс жасайтын апаттық-диспетчерлік қызметтен 104 немесе 87018457245 телефоны арқылы толық мәлімет алуға болатынын жеткіземіз.

«Жылыойгаз» ЖШС әкімшілігі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«West Dala» «Вест Дала» ЖШС 2026–2029 жылдарға арналған Прорва қалдықтарды басқару кешені бойынша РНШЖ, РНТ, ҚББ, ЭЭБ, ТКШ жобаларына қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Шеткі нүктелердің координаттары:
45053/45.18// с.е., 53024/50.29// ш.б.
45053/33.15// с.е., 53024/57.07// ш.б.
45053/28.77// с.е., 53024/40.68// ш.б.
45053/40.91// с.е., 53024/33.96// ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар келесі мекен-жайда өтеді: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылдық округі, Қосшағыл ауылының Мәдениет үйі, Камысқол көшесі, 79 бойынша орналасқан, 03.06.2026 ж., сағат 15:00-де.

Тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі, сондай-ақ онлайн режимде Microsoft Teams платформасы арқылы бейнеконференцияға қосылуға болады.

Жиналысқа сілтеме арқылы қосылу:
<https://teams.microsoft.com/join/34358824735708?p=95rd2BCXy4EptD4TvB>

Жиналыс нөмірі арқылы қосылу:
Жиналыс идентификаторы: 343 588 247 357 08
Құпия код: KT7z5QC9

Жоспарланған қызметтің бастамашысы:

«West Dala» «Вест Дала» ЖШС, БСН 050 740 001 755
Мекен-жайы: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бейбарыс ауылдық округі, Бейбарыс ауылы, 1-көше, 22-ғимарат. Байланыс тұлғасы: Сатанова С.Б., тел.: 8 (7122) 309-309 (ішкі 4230), e-mail: Svetlana.satanova@westdala.kz

Жоба әзірлеушісі:

ЖК Мусаева, мекен-жайы: Атырау қ., «Жерұйық» ықшам ауданы, 8-көше, 3-үй.

Байланыс тұлғасы: Мусаева К., ұялы тел.: 87784060670, e-mail: e.korchunova@mail.ru

Жоба материалдары «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінің сайтында орналастырылған:
<https://hearings.ndbecology.gov.kz>

Ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде қабылданады:
<https://hearings.ndbecology.gov.kz>

Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Мекен-жайы: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz. Тел.: 8 (7122) 32-55-09

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «West dala» «Вест Дала» информирует о проведении общественных слушаний по проектам НДВ, НДС, ПУО, ПЭК, ППМ на 2026-2029гг, для Комплекса по обращению с отходами Прорва.

Координаты крайних точек:
45053/45.18//с.ш., 53024/50.29//в.д.
45053/33.15// с.ш., 53024/57.07//в.д.
45053/28.77// с.ш., 53024/40.68//в.д.
45053/40.91// с.ш., 53024/33.96//в.д.

Общественные слушания будут проходить по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Косчагилский с.о., с. Косчагил, Дом культуры, улица Камысқол, дом 79, 03.06.2026г, в 15-00ч. Слушания будут проведены в режиме онлайн, также можно будет подключиться и в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи на платформе Teams

Присоединение с помощью ссылки на совещание
<https://teams.microsoft.com/join/34358824735708?p=95rd2BCXy4EptD4TvB>

Присоединение по номеру совещания

Идентификатор собрания: 343 588 247 357 08

Секретный код: KT7z5QC9

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «West Dala» «Вест Дала», БИН 050 740 001 755, Адрес: Атырауская область, Махамбетский район, сельский округ Бейбарыс, село Бейбарыс,

улица 1, здание 22. Контактное лицо: Сатанова С.Б., тел 8(7122) 309-309 вн.4230, e-mail: Svetlana.satanova@westdala.kz

Разработчик проекта: адрес: ИП Мусаева, Атырау, мкр. Жерұйық, ул.8, дом 3. Контактное лицо: Мусаева К. сот: 87784060670, e-mail: e.korchunova@mail.ru

Материалы проекта размещены на сайте: Информационной система «НБД СОС и ПР» <https://hearings.ndbecology.gov.kz>

Замечания и предложения принимаются в Информационной система «НБД СОС и ПР» <https://hearings.ndbecology.gov.kz>

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауская области, адрес: г. Атырау, ул. Әйтеке Би 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел: 8(7122) 32-55-09.

Жарнама телефоны:

